

САХНА СӘНІ БОЛҒАН



*К.Байсейітова
Ақжүніс рөлінде*

Күләш – тума талант. Арнайы профессионалдық білімінің болмауына карамастан, асқан еңбексүйгіштігінің арқасында ол осындай творчество көкжиегіне, табыс биігіне көтерілген еді. Күләшпен қызметтес болған жылдарымды мен өзімнің бақытты кездерім деп ойлайтынмын. Тарлан талант иесімен осылайша иық тірестіріп қатар жүрудің өзі қандай ғанибет десеңші!

Операда Күләш Байсейітова талай тартымды әйелдер образын сомдаған шебер. Қыз Жібекті айтсаңызшы бәрінен де! Жібек – Күләш – меніңше, өнердегі қайталанбас құбылыс. Қыз Жібекті ойнағанда Күләш сахнада еркін жүре беретін еді. Оның ән салғандағы сырға толы күміс үні мен сахнаны игере білушілігі, сахнада өзін емін-еркін ұстай білуі, ең бастысы, еңбекқорлығы кім-кімге де болсын үлгі.

Халық творчествосына талантты әнші үлкен қамқорлықпен, асқан іждағаттылықпен қарайтын.

Үнемі қазақ әндерін нақышына келтіріп, ән сөзіне үлкен салмақ, терең мазмұн бере орындайтын Күләштай бұлбұлдар кемде-кем шығар! Қазақ халқының маңдайына біткен жұлдызы – Күләш есімі тұтас Одақ көлеміне, қала берді дүниежүзі елдерінің тыңдаушыларына да кеңінен танымал.

1934 жылы бөлек ірге теуіп, шаңырақ көтерген Қазақ опера театрының алғашқы құрушыларының бірі Күләш Байсейітова болды.

Мен өзім опера театрына 1939 жылы келдім. Сол кездегі ұлағатты ұстаздарымның бірі Күләш болатын. Екеуміз көптеген операларда бірге ойнадық. Күләшпен қатар ән салып, рөлде ойнау маған жеңіл болмаушы еді. Себебі ол көзге көрінбес керемет бір күштер арқылы сені де сахнада шебер алып жүргендей болушы еді. Дайындықтар кезінде ол өзімен бірге ойнайтын солистерге де ақыл-кеңесін айтып, «Қайтсек операны тартымды шығарамыз?» деген ой үстінде жүретін.

Күләшті алғаш рет жақын көріп, өнерін тамашалап, бірге жүрген кездерім 1936 жылғы Москвадағы Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі болатын. Жалпы сценаларға қатысушы біз сияқты студенттер үшін өнер майталмандарын жақыннан көріп, өнерін тамашалау шын мәнінде үлкен мәртебе еді. Сол жолы жезтаңдай әншіміздің СССР халық артисі атағын алып тұруының өзі жаңадан тұрып келе жатқан өнері үшін үлкен табыс болатын.

Күләш екеуміз талай-талай операларда қатар шығып, басты кейіпкерлер образын сомдауға атсалысқан едік. Мысалы, «Айман-Шолпанда» ол – Айман,

мен – Әлібек болып, «Біржан-Сарада» ол – Сара, мен – Қожағұл болып, «Евгений Онегинде» ол – Татьяна, мен – Онегин болып ойнаған едік.

Сол рөлдердің бәрінде дерлік мен өзіме деген Күләштің үлкен қамқорлығы мен серіктестігін сезуші едім. Ол ойнаған «Бекет», «Алтын дән», «Гвардия, алға!», «Төлеген Тоқтаров», «Ер Тарғын» операларындағы басты әйел образдары – шын мәніндегі қайталанбас кейіпкерлер галереясы. «Абайға» үлкен дайындықпен келдік. Ол сахнаға 1944 жылы қойылғанда алғаш рет Ажар рөлін сомдап, оны өнерсүйер қауымға сұлу күйінде жеткізген де Күләш болатын. Сондықтан болар Күләшпен тізе қоса отырып мен шығарған Абай образы өзім үшін аса қымбат.

«Чио-Чио-сан» операсындағы Чио-Чио-сан образы – әйел әншілер сомдайтын героиналар партиясының ішіндегі ең қиыны еді. Чио-Чио-сан – Күләшқа Одақ және шетелдік талай опера театрларында орынды құрмет көрсетілген образ болатын.

Құрманбек, Манарбек, Күләш, Серғали, Кәукен, Ғарифоллалар – бір дәуірде өмірге келіп, талай-талай өнер сайыстарына түсіп, қазақ өнерінің іргетасын өз қолдарымен қаласып, туған халқын бақытқа бөлеген ұландар.

Дегенмен, солардың ішіндегі таң жұлдызындай жарқын бейнелі Күләш бейнесі, оның талантты творчествосы маңдайы жарқырап, өнеріміздің алдында келеді.

Лениншіл жас. – 1982. – 13 мамыр.